

Зейнетақы калькуляторымен жұмыс істеу қағидалары

Бұл зейнетақы калькуляторы тек болжам жасайды. Ол болашақ зейнетақыны жоспарлауға арналған. Таяу жылдарда зейнетке шығатын адамдардың нақты зейнетақысын есептеу үшін қосымша ақпарат қажет болады.

Зейнетақы калькуляторы жинақтаушы, ортақ, базалық және ерікті зейнетақыны есептейді. Есептеу үшін инвестициялық табыстың және жалақының өсуі секілді белгілі бір параметрлері негізге алынады. Есептеу нәтижелері бүгінгі күннің бағамымен берілген.

1. Деректерді енгізу:

Туған күні. кк.аа.жжжж. үлгісінде енгізіледі.

Жынысы. Тізімнен таңдап алынады: *ер* немесе *әйел*.

Зейнетақы жинақтарының ағымдағы сомасы. Жеке зейнетақы шотының үзінді көшірмесінен теңгемен көрсетілген сома алынып, тиісті жолға енгізіледі.

Сіздің жалақыңыздың мөлшері. Салық салынғанға және 10% зейнетақы жарнасы шегерілгенге дейінгі теңгемен алынатын ай сайынғы табыс сомасы.

Ерікті жарналар мөлшерлемесі. Егер салымшы ерікті зейнетақы жарналарын үздіксіз аударса және одан бас тартқысы келмесе, онда ай сайынғы табысының шамамен алғандағы үлесін пайызбен көрсету керек. Мәселен, 5%.

Үш экономикалық сценарийдің әрқайсысының **нәтижесі** мынадай өлшемдер негізге алынып есептеп шығарылады:

1. Әйелдердің зейнетке шығу жасы заңдағы өзгерістер есепке алына отырып, туған күніне байланысты есептеледі, ал ерлер үшін - 63 жас;

2. Зейнет жасына толатын күні (туған күні + зейнет жасы);

3. Ортақ зейнетақы мөлшерін бағалау, теңге;

4. Базалық зейнетақы мөлшерін бағалау, теңге;

5. БЖЗҚ-дан зейнетақыны бағалау. Бағалау төмендегі зейнетақы төлемдерін есептеу әдістерінің бірін таңдау арқылы жасалады:

1) кесте бойынша – зейнетақы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы №1042 қаулысымен бекітілген қағидаларға сәйкес төленеді;

2) аннуитет бойынша – зейнетақы өмір бойы төленеді, есептеуге болатын нұсқалардың бірі;

6. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақыны бағалау;

7. Нәтижесінде ай сайынғы зейнетақы табысы = тармақ (3)+тармақ(4)+тармақ (5)+тармақ(6), теңге;

8. Зейнетке шығу кезіндегі болжамды жалақы;

9. Табысты ауыстыру коэффициенті (соңғы жалақыға жиынтық зейнетақы үлесі).

2. Есептеу әдістемесі.

Есептеу үшін салымшы енгізген деректер және ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген мынадай деректер пайдаланылады:

- a. Айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) теңгемен, 01.01.2018 жылдан бастап 2405 теңге (республикалық бюджет туралы заңмен жыл сайын бекітіледі);
- b. Ең төмен күнкөріс деңгейі (ЕТК) теңгемен, 01.01.2018 жылдан бастап 28284 теңге (Республикалық бюджет туралы заңмен жыл сайын бекітіледі);
- c. Ең төменгі пенсия (ЕТП) теңгемен, 01.01.2018 жылдан бастап 33745 теңге (Республикалық бюджет туралы заңмен жыл сайын бекітіледі);
- d. Комиссиялық сыйақы мөлшерлемесі:

Инвестициялық табыстан	5,25%
Активтер мөлшерінен	0,0225%

- e. №1 кесте – өтілге байланысты базалық зейнетақыны есептеу коэффициенті («Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын» бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 18 маусымдағы № 841 Жарлығына сәйкес 2018 жылдан бастап енгізіледі):

Өтіл, жыл	Пайыз
<=10	54%
11	56%
12	58%
13	60%
14	62%
15	64%
16	66%
17	68%
18	70%
19	72%
20	74%
21	76%
22	78%
23	80%
24	82%
25	84%
26	86%
27	88%
28	90%
29	92%
30	94%
31	96%
32	98%
33	100%

f. №2 кесте – әйелдердің 2018 жылдан бастап 2027 жылға дейінгі зейнетке шығатын жасы:

Әйелдер зейнетке шығатын жас	Жыл
58,0	2018 дейін
58,5	2018
59,0	2019
59,5	2020
60,0	2021
60,5	2022
61,0	2023
61,5	2024
62,0	2025
62,5	2026
63,0	2027 бастап

g. Зейнетақы жинақтарының ағымдағы құнының коэффициенті (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы №1042 қаулысымен бекітілген), №3 кесте (төменге қар.);

Актуралық болжамдарға негізделген деректер:

- h. 58 – 63 жас аралығындағы әйелдер және 63 жастағы ерлер үшін өмір бойғы зейнетақы төлемдерін есептеу әдісін таңдау кезінде қолданылатын аннуитеттік факторлар;
- i. Инвестициялық кірістілік мөлшерлемесі, % (сценарийге қарай);
- j. Жалақы өсімінің мөлшерлемесі, % (жасқа және сценарийге байланысты).

1. Есептеу алгоритмі

1-сценарий

1. Ағымдағы күн бойынша есептеудің алғашқы күні анықталады. Бұл келесі айдың бірінші күні;
2. Зейнетке шығу жасы айқындалады. Ерлер үшін – 63 жас, әйелдер үшін №2 кестеге сәйкес (Шығыс деректер). Зейнетке шығатын күн айқындалады: туған күні + зейнетке шығу жасы;
3. Құнсызданудың, инвестициялық табыстың, айлық жалақы өсімінің жылдық мөлшерлемесі қайта есептеледі.
4. Әр айдың бірінші күніне міндетті зейнетақы жарналарының теңгерімі жылына 12 рет жасалатын аударымдар туралы болжамдармен бірге есептеледі. Есептеудің алғашқы күнінен бастап зейнетке шығатын айдың бірінші күніне дейін;
5. БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдерін есептеу:

1) өмір бойғы төлемдерді білдіретін аннуитет бойынша зейнетақы төлемдерін есептеу:

БЖЗҚ зейнетақы төлемі = Зейнетке шығатын күнгі теңгерім/аннуитеттік фактор/12 ай, мұнда:

Аннуитеттік фактор болжамды тиісті өмір сүру ұзақтығына және сценарийге сәйкесетін зейнетке шығатын жасы мен жынысына сәйкес есептеледі

2) кесте бойынша зейнетақы төлемдерін есептеу:

Зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы зейнетақы жинақтары сомасының алушының тиісті жасындағы зейнетақы жинақтарының ағымдағы құнының коэффициентіне көбейтіндісі ретінде, төмендегі кестеге сәйкес есептеледі:

№3 кесте

Жасы	Зейнетақы жинақтарының ағымдағы құнының коэффициенті
18	0,07917
19	0,07922
20	0,07926
21	0,07931
22	0,07937
23	0,07942
24	0,07949
25	0,07956
26	0,07963
27	0,07972
28	0,07981
29	0,07990
30	0,08001
31	0,08013
32	0,08025
33	0,08039
34	0,08054
35	0,08070
36	0,08088
37	0,08107
38	0,08128
39	0,08151
40	0,08176
41	0,08204
42	0,08234
43	0,08267
44	0,08303
45	0,08342
46	0,08385
47	0,08432
48	0,08484
49	0,08541
50	0,08604

51	0,08674
52	0,08750
53	0,08835
54	0,08928
55	0,09032
56	0,09148
57	0,09277
58	0,09421
59	0,09582
60	0,09764
61	0,09969
62	0,10202
63	0,10467
64	0,10771
65	0,11121
66	0,11528
67	0,12005
68	0,12570
69	0,13246
70	0,14067
71	0,15081
72	0,16362
73	0,18024
74	0,20257
75	0,23404
76	0,28152
77	0,36099
78	0,52048
79	1,00000

Кейінгі жылдық төлемдер бұрынғы төлемдері шегерілген және инвестициялық табыс ескерілген зейнетақы жинақтары сомасының ағымдағы жасына сәйкесетін коэффициентке көбейтіндісі ретінде анықталады.

Ай сайынғы төлем = жылдық төлем/12;

6. Ортақ зейнетақыны есептеу:

Калькуляторда ортақ зейнетақыны есептеу үшін соңғы табыстағы ортақ зейнетақы үлесі есептеледі.

Соңғы табыстың 60 % ортақ зейнетақының толық көлемі болып саналады. Ерлер үшін 25 жыл, әйелдер үшін 20 жыл ортақ зейнетақының толық көлемін алу үшін қажетті өтіл болып саналады.

Өтілі аз болған жағдайда, ортақ зейнетақы үлесі оның толық көлемінің бір бөлігі, яғни ерлер үшін 25-ке, ал әйелдер үшін 20-ға бөлінген ортақ өтіл (1998 жылға дейінгі өтіл) ретінде есептеледі. Қажетті өтілі жеткілікті немесе артық болған жағдайда соңғы табыстан ортақ зейнетақы үлесі толық көлемге (60%) тең болады және ортақ

зейнетақының толық көлемін алу үшін қажетті өтілге қосылған әрбір жыл үшін зейнетақы 1%-ға көбейеді.

Ортақ зейнетақы соңғы табыстан ортақ зейнетақы үлесінің соңғы жалақыға көбейтіндісі ретінде бағаланады. Ортақ зейнетақының ең көп мөлшері 46 еселенген АЕК мөлшерінің 75%-нан аспайды.

АЕК зейнетке шығатын жылы бағаланады;

7. Базалық зейнетақыны есептеу («Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын» бекіту туралы ҚР Президентінің 18.06.2014 жылғы №841 Жарлығына сәйкес 2018 жылдан бастап өзгерістер енгізіледі).

Зейнет жасына шығатын кездегі жалпы өтіл бағаланады: ортақ жүйедегі өтіл + жинақтаушы жүйедегі жалпы өтіл;

№1 кестеде базалық зейнетақыны есептеу үшін жалпы өтілге сәйкес зейнетке шығатын жылғы ЕТК-ден үлесі бағаланады;

Базалық зейнетақы өтілге сәйкес ЕТК үлесіне тең болады;

ЕТК мөлшері зейнетке шығатын жылғы бағаланады;

2018 жылға дейін базалық зейнетақы ЕТК-ның 54%-на тең;

8. Жиынтық зейнетақы табысы БЖЗҚ зейнетақысынан, ортақ зейнетақыдан, базалық зейнетақыдан және ерікті зейнетақыдан (мұндай бар болса) құралады;
9. Ауыстыру коэффициенті = түпкілікті зейнетақы/соңғы жалақы;
10. 2 және 3-сценарийлер үшін дәл осындай, бірақ параметрлерімен сценарийге сәйкес келетін алгоритм қолданылады.